

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Тауарлар мен көрсетілетін
қызметтердің сапасы мен
қауіпсіздігін бақылау комитеті
төрағасының
«18» шілде 2019 жылғы № 148-НҚ
бұйрығына 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін
бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды
сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
Байқау кеңесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) Байқау кеңесі туралы ереже «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Байқау кеңесінің (бұдан әрі – Байқау кеңесі) қызметі мен мәртебесін регламенттейді.

2. Өз қызметінде Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Кәсіпорын Жарғысын, осы Ережені және өзге нормативтік құқықтық актілерді жетекшілікке алады.

3. Кәсіпорынның Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуы және бір-бірімен және Кәсіпорын басшысымен жақын туыстық қатынастары мен ерекшеліктері болмайтын кем дегенде бес адамнан құралуы тиіс, Байқау кеңесінің мүшелері, басшыны қоспағанда, Кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

4. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің

(бұдан әрі – уәкілетті орган) өкілдері, Кәсіпорын басшысы және конкурс негізінде сайланатын тұлғалар кіреді.

Байқау кеңесінің құрамы төраға, төрағаның орынбасары, мүшелері және хатшысынан жасақталады.

5. Байқау кеңесін құру тәртібі, Байқау кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

6. Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылға созылады.

7. Байқау кеңесі мүшесінің өкілетін, Байқау кеңесінің өз мүшесінің өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешіміне сәйкес, Байқау кеңесінің мүшесін жазбаша хабарландыру негізінде мерзімінен бұрын тоқтатуға болады.

8. Байқау кеңесінің төрағасы, төраға орынбасары Байқау кеңесі мүшелерінің басым көпшілік дауысымен Байқау кеңесі мүшелерінің қатарынан сайланады.

9. Байқау кеңесінің төрағасы:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Байқау кеңесі шешімдерінің іске асуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

2) Байқау кеңесінің мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Байқау кеңесі мәжілістерінің күн тәртібін белгілейді;

4) Байқау кеңесінің атынан шығыс құжаттарына қол қояды;

5) Байқау кеңесінің ұстанымын қорғайды және уәкілетті орган алдында Байқау кеңесінің қызметі туралы, Кәсіпорынның жалпы жағдайы және Кәсіпорын мақсаттарына жетуге бағытталған шаралар бойынша есеп береді;

6) қолданыстағы заңнамада және Байқау кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

12. Байқау кеңесінің мүшелері:

1) мәжілістерге қатысады;

2) өзінің функцияларын орындауға қажетті Кәсіпорын қызметі туралы толық және нақты ақпаратты қабылдайды. Кәсіпорын құжаттарымен танысады, олардың көшірмелерін алады;

3) Байқау кеңесінің кезектен тыс мәжілісін шақырады;

4) Байқау кеңесінің шешіміне жазбаша түрде ескертулер ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Кәсіпорын Жарғысында және осы Ережеде көзделген өзге құқықтарды жүзеге асырады.

13. Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорын қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

14. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) Байқау кеңесіне есеп беруге тиісті;

- 2) Байқау кеңесі мүшелерінің тізілімін жүргізеді;
- 3) Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің мүшелерін Байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс мәжілістерінің өткізілуі туралы хабарландырады;
- 4) Байқау кеңесінің төрағасын, төраға орынбасарын және мүшелерін қажетті ақпаратпен және Байқау кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін талапқа сай орындауы үшін маңызды болатын құжаттамамен қамтамасыз етеді;
- 5) Байқау кеңесінің атына жолданған хат-хабар есебін жүргізеді және тиісті жауаптар дайындауды ұйымдастырады;
- 6) Байқау кеңесі, Байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды рәсімдейді және олардың төраға орынбасарына, Байқау кеңесінің мүшелеріне және Кәсіпорынның басқару органдарының басқа лауазымды тұлғаларына ұсынылуын қамтамасыз етеді;
- 7) Байқау кеңесі мәжілістерінің хаттамаларын жүргізеді;
- 8) Байқау кеңесінің барлық мүшелерін сырттай дауыс беру арқылы Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы хабарландырады;
- 9) Байқау кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға керек болатын ақпараттың уақытында ұсынылуына қажетті шаралар қабылдайды;
- 10) Байқау кеңесінің қызмет атқару есебін құрастырады.
15. Байқау кеңесі мүшелерінің қызмет атқару тиімділігін айқындау мақсатында уәкілетті органмен заңнамаға сәйкес Байқау кеңесі мүшелерінің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізеді.
16. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйлықақылар төлеу шешімін Байқау кеңесі мүшелерінің қызметіне жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша уәкілетті орган қабылдайды.
17. Кәсіпорын басшысына және мемлекеттік қызметкерлер болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйлықақы төленбейді.
18. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі оң нәтижелі болғанда Байқау кеңесінің мүшелеріне Кәсіпорын қаржысы есебінен сыйлықақы төленеді.
19. Байқау кеңесінің мүшелеріне Байқау кеңесінің мәжілістері Кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс өткізілген жағдайларда «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысымен регламенттелген тәртіп пен талаптар

бойынша жол жүру құжаттарының құны, тұрғынжай жалдау шығындары, тәулікақылар үшін өтемақы төленеді.

20. Атап көрсетілген шығындар Байқау кеңесінің мүшелеріне осы Ереженің 19 тармағында көрсетілген растау құжаттарын Кәсіпорынға тапсырған соң төленеді.

2. Байқау кеңесінің өкілеттері

21. Байқау кеңесінің мынадай өкілеттері бар:

- 1) уәкілетті органға Кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде қорытынды ұсынады;
- 2) даму жоспарының орындалуы туралы есеп жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;
- 3) демеушілік және қайырымдылық көмек беру және қосымша көздерден алынған қаражатты бөлу, соның ішінде Кәсіпорын өкімінде қалған таза табыс бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;
- 4) бюджет қаржысының және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың мақсатына сай пайдаланылғанына тексеру жүргізу үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар ұсынады;
- 5) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті орган ұсыныстарына келісім береді;
- 6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және Кәсіпорын қызметкерлеріне, басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге даму жоспарымен бекітілген қаражат шегінде лауазымдық жалақыларына үстеме ақылар белгілеу және қосымша қаржы көздерінен сыйақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;
- 7) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және еңбекақы мөлшерін белгілейді, оның өкілетін мерзімінен бұрын тоқтатады;
- 8) Кәсіпорын жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;
- 9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар ойластырады;
- 10) Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;
- 11) Кәсіпорын филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу жөнінде уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.
- 12) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) Кәсіпорынның атқарушы органы құрамына тағайындауға кандидатуралар сайлайды, сонымен қатар атқарушы орган мүшесімен еңбек шартын бұзу мәселесін алдын ала келіседі;

14) Кәсіпорынның ішкі аудитінің сандық құрамын, қызметінің өкілеттік мерзімін белгілейді, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сонымен қатар олардың өкілеттерін мерзімін бұрын тоқтату құқығы бар, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлемінің мөлшері мен шарттарын белгілейді;

15) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілейді;

16) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

17) қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпия мазмұндағы Кәсіпорын немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

18) уәкілетті органның айрықша құзіретіне жатпайтын, Занда және (немесе) Кәсіпорын жарғысында көзделген өзге өкілеттерді жүзеге асырады.

Осы тармақта белгіленген Байқау кеңесінің өкілеттерін Кәсіпорынның атқарушы органына тапсыруға рұқсат етілмейді.

22. Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдағанда Кәсіпорын мүдделерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетекшілікке алуы тиіс.

23. Байқау кеңесі:

1) шешімдер қабылдағанда жеке мүдделілік көздемейді;

2) Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсаттарға пайдаланбайды;

3) Бәсекелі орта қалыптастыру және/немесе Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін шектеу мақсатында Байқау кеңесіне өзінің қатысуы нәтижесінде алынған ақпаратты пайдаланбайды және/немесе шешімдер қабылдамайды;

4) Байқау кеңесі мүшесінің құзіретіне кірмейтін әрекеттерді Байқау кеңесі мүшесінің орындауы үшін Кәсіпорын қызметкерлерінен және басқа тұлғалардан жеке өзі немесе делдал арқылы ақшалар, сыйлықтар және өзге материалдық игіліктер түрінде материалдық сыйлықақы қабылдамайды;

5) Кәсіпорынның құпиялы ақпаратын, соның ішінде мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты ақпаратты жарияламайды.

24. Байқау кеңесінің мүшелері, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген мемлекеттік кәсіпорынды шығынға ұшыратқан зиян үшін Кәсіпорынның және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның алдында жауапкершілік жүктейді.

25. Байқау кеңесінің мүшелері, мемлекеттік кәсіпорынды шығынға ұшыратқан Байқау кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауапкершіліктен босатылады.

26. Байқау кеңесі мүшесінің талабы бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзіретіне жататын мәселелер жөнінде ақпарат беруге міндетті.

27. Кәсіпорын басшысына Кәсіпорынның орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ақпарат беру туралы талап қойылады. Жазбаша хабарламада қажетті ақпаратқа көрсетілім болуы тиіс.

28. Кәсіпорын басшысы Байқау кеңесінің мүшелеріне сұралған құжаттар мен ақпаратты, егер сұрау салынған ақпарат құпиялы болмаса, Байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынады.

29. Байқау кеңесінің мүшелері құпиялы сипатта болатын ақпаратпен бұл жөнінде Кәсіпорынды бес жұмыс күні бұрын жазбаша хабарландыра отырып, Кәсіпорын орналасқан жерде танысып шығуға құқылы.